

Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен ұйымдардағы қатысудың мемлекеттік үлестеріне кіріс туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 сәуірдегі N 404 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 шілдедегі N 633 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.07.26. N 633 Қаулысымен.

Мемлекеттік меншікті басқарудың тиімділігін арттыру мен республикалық бюджеттің кіріс бөлігін толтыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 . М ы н а л а р :

1) осы қаулыға 1-қосымшада көрсетілген акционерлік қоғамдар - ұлттық компаниялар Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен дамудың орташа мерзімді жоспарларына сәйкес акцияларға, оның ішінде акциялардың мемлекеттік пакетінде дивидендтердің есептелуін жүзеге асырады және оларды акционерлерге, оның ішінде акционерлердің жылдық жалпы жиналысы анықтайтын мерзімдерде, не бірден бір акционер ретінде шешім қабылдау құқығы бар мемлекеттік органның шешімімен республикалық бюджетке а у д а р а д ы ;

2) осы қаулыға 2-қосымшада көрсетілген стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы қызметті жүзеге асыратын, акцияларының жүз пайызы немесе бақылау пакеті республикалық меншіктегі акционерлік қоғам мен осы қаулыға 3-қосымшада көрсетілген мерзімді баспасөз басылымдарын, теле-, радиобағдарламаларды шығаруды жүзеге асыратын, акцияларының жүз пайызы республикалық меншіктегі акционерлік қоғамдар таза кірістің 10 (он) пайызын дивидендтерді төлеуге жұмсайды;

2-1) Ауыл кредит серіктестіктеріне кредит беруді жүзеге асыратын және ауыл кредит серіктестіктерінің жарғылық капиталына қатысатын акцияларының жүз пайызы республикалық меншіктегі "Аграрлық кредит корпорациясы" акционерлік қоғамы резервтік капитал толық қалыптасқанға дейін қоғамның жарғылық капиталынан 10 пайыз мөлшерде акциялардың мемлекеттік пакеті бойынша дивидендтерді төлеуден босатылады;

3) осы қаулыға 1, 2 және 3 және 4-қосымшаларда көрсетілмеген акционерлік қоғамдар мен мемлекеттік қатысу үлесі бар жауапкершілігі шектеулі

серіктестіктер дивидендтер мен таза кірістің бөлігін есептеу және аудару акционерлердің, қатысушылардың жылдық жалпы жиналысының шешіміне сәйкес жүзеге асырылады.

3-1) Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі белгіленген тәртіппен "Хабар" агенттігі" акционерлік қоғамы акционерлерінің жылдық жалпы жиналыстарын өткізген кезде 2004-2006 жылдардың қорытындысы бойынша таза кірістің 10 (он) пайызын дивидендтер төлеуге бағыттау үшін барлық қажетті шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін;

3-2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2005-2007 жылдардың қорытындылары бойынша дивидендтерді төлеуге таза кірістің 10 (он) пайызын жіберу үшін "Қазақстандық ипотекалық компания" акционерлік қоғамы акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын өткізу кезінде белгіленген тәртіппен барлық қажетті шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін;

3-3) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген тәртіппен "Эйр Астана" акционерлік қоғамы акционерлерінің 2004, 2005 жылдардың қорытындысы бойынша дивидендтерді төлеуден босату жөніндегі жылдық жиналыстарын өткізу кезінде барлық қажетті шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

4) осы қаулыға 4-қосымшада көрсетілген Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық корпусқа қызмет көрсетуді жүзеге асыратын, акцияларының жүз пайызы республикалық меншіктегі акционерлік қоғам таза кірістің 20 (жиырма) пайызын дивидендтерді төлеуге жұмсайды деп белгіленсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.08.19. N 828 қаулысымен , 2003.09.30. N 1002 қаулысымен , 2004.05.29. N 599 қаулысымен , 2004.08.11. N 840 қаулысымен , 2005.11.15. N 1127 қаулысымен , 2005.12.29. N 1314 қаулысымен , 2006.11.20. N 1097 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт, Индустрия және сауда, Сыртқы істер министрліктері осы қаулыға 2, 3 және 4-қосымшаларда көрсетілген акционерлік қоғамдардың иеленуінде қалған таза кірістің бір бөлігін олардың материалдық-техникалық базасын дамытуға және жетілдіруге жұмсауды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.08.19. N 828 қаулысымен , тармаққа өзгерту енгізілді - 2003.09.30. N 1002 қаулысымен , 2004.03.20. N 364 қаулысымен , 2005.01.28. N 73 қаулысымен .

3. "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" акционерлік қоғамын қоспағанда, осы қаулыға 1, 2, 4 және 4-қосымшаларда көрсетілмеген акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерде мемлекеттік қатысу

үлесін иелену құқығы мен пайдалануды жүзеге асыратын министрліктер мен ведомстволар белгіленген тәртіппен дивидендтер және қатысу үлесінен табыстарға таза кірістің кемінде 50 (елу) пайызын жұмсау және оларды уақытылы аудару үшін акционерлердің, қатысушылардың жылдық жалпы жиналысын өткізу кезінде барлық қажетті шаралардың қабылдануын қамтамасыз е т с і н .

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.09.30. N 1002 , 2006.10.12. 982 қаулысымен .

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің:

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен ұйымдардағы қатысудың мемлекеттік үлестеріне кірістің мәселелері туралы" 1999 жылғы 13 тамыздағы N 1159 (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 40, 356-к ұ ж а т) ;

2) "Мерзімді баспасөз басылымдарын шығаруды жүзеге асыратын, акцияларының жүз пайызы республикалық меншік иелігіндегі акционерлік қоғамдарда дивидендтерді есептеу мәселелері туралы" 2001 жылғы 28 қазандағы N 1367 (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 36-37, 477-құжат) қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң 2 0 0 3 ж ы л ғ ы
25 с ә у і р д е г і N 4 0 4 қ а у л ы с ы н а
1-қосымша

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.01.28. N 73 , 2005.03.05. N 215 , 2006.10.12. 982 , 2007.02.21. N 133 қаулыларымен.

Ұлттық компаниялардың тізбесі

1. алынып тасталды - 2006.10.12. 982 қаулысымен
2. алынып тасталды - 2006.10.12. 982 қаулысымен
3. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" ЖАҚ
4. "Ұлттық ақпараттық технологиялар" ЖАҚ
5. "Қазатомпром" ұлттық атом компаниясы" ЖАҚ
6. (алып тасталды - 2005.03.05. N 215 қаулысымен)
7. алынып тасталды - 2006.10.12. 982 қаулысымен
8. "Эйр Қазақстан" ЖАҚ
9. алынып тасталды - 2006.10.12. 982 қаулысымен

10. алынып тасталды - 2006.10.12. 982 қаулысымен
11. "Қазақ ақпарат агенттігі (Қазақпарат) ұлттық компаниясы" АҚ
12. "Астана халықаралық әуежайы" ЖАҚ
13. "Қазақстан инжиниринг" ұлттық компаниясы" (Kazakhstan engineering)
А А Қ

14. "Қазғарыш" ұлттық компаниясы" АҚ
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2003 жылғы
25 сәуірдегі N 404 қаулысына
2-қосымша

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.08.19. N 828 қаулысымен .

Стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы қызметті жүзеге асыратын, акцияларының жүз пайызы республикалық меншіктегі акционерлік қоғам

"Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы" ААҚ.
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2003 жылғы
25 сәуірдегі N 404 қаулысына
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.29. N 599 қаулысымен , 2005.11.15. N 1127 қаулысымен .

Мерзімді баспасөз басылымдарын, теле-, радиобағдарламаларды шығаруды жүзеге асыратын, акцияларының жүз пайызы немесе бақылау пакеті республикалық меншіктегі акционерлік қоғамдардың тізбесі

1. "Жас өркен" ААҚ
 2. "Қазақ газеттері" ЖАҚ
 3. "Егемен Қазақстан" республикалық газеті" ААҚ
 4. "Казахстанская правда" республикалық газеті" ААҚ
 5. "Қазақстан" республикалық телерадиокорпорациясы" АҚ
 6. "Хабар" агенттігі" АҚ
- Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2003 жылғы 25 сәуірдегі

№ 404 қаулысына

4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.09.30. № 1002 қаулысымен .

**Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық
корпусқа қызмет көрсетуді жүзеге асыратын, акцияларының
жүз пайызы республикалық меншіктегі акционерлік қоғам**

"Дипломатиялық корпусқа қызмет көрсету жөніндегі басқарма" ЖАҚ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК